Үлкендер жолы – ұлық!

# АЛАТАУ Ардагері

ardager@mail.ru · Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті · №4(14) 26 қаңтар 2024 жыл

Ашық әңгіме

# ӨНЕГЕЛІ ӨҢІРДІҢ ӨРІСІ КЕҢ

## ӨРКЕНІ ӨСКЕН ӨЛКЕ

**– Марат Елеусізұлы, Сіздің өндірістік ошағы көп, халқы да мейлінше тығыз орналасқан Алматы облысына жетекшілік етіп отырғаныңызға бір жарым жылдан асыпты. Екі облыс өз еншісін алып, бөлінгеннен кейін әлеуметтік-экономикалық өсім көрсеткіштері төмендеп кеткен жоқ па?**

– Сұрағыңыз орынды, әрине. Әкімшілік-аумақтық өзгерістердің экономикамыз үшін айтарлықтай теріс әсері болмады. Облыс өзінің даму қарқынын сақтап қалды. Тіпті, соңғы бір жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері алдыңғы жылдармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары дер едім. Мұны 2023 жылдың негізгі қорытындыларынан байқауға болады. Мысалы, өнеркәсіпте алты пайыз өсіммен 1 трлн 716,7 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 817,6 млрд теңгеге жетті. Құрылыс жұмыстарының көлемі 330,7 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 103,2 пайыз болды. Облыс экономикасына 10,7 пайыз өсіммен 705,3 млрд теңге инвестиция тартылды. Сауда көлемі 1 трлн 486,3 млрд теңгені құрады. 68,4 мың жаңа жұмыс орны ашылған, оның ішінде тұрақты жұмыс орындары – 56,7 мың.

Мұның барлығы – ортақ істің оң көрсеткіші. Алда атқарылатын іс шаш-етектен. Ағымдағы жұмыспен қатар қордаланған жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған іргелі жобаларды жүзеге асыруды бастадық.

**– Ауқымды жобаларды ақтарып айтпастан бұрын осы жылдың басында құрылған Алатау қаласына тоқталсаңыз? Жаңа қала жылда құрыла бермейді. Оның мақсаты қандай? Қандай мәселелерді шешеді?**

– Алатау қаласы туралы сөз қозғағанда өткен жылдың наурызында құрылған «Алатау» арнайы экономикалық аймағын бірге атаған абзал. Себебі екеуі бірін-бірі толықтыратын егіз ұғым.

Аумағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен 30 мыңнан 96 мың гектарға дейін ұлғайтылған. Арнайы экономикалық аймақта «Астана» халықаралық қаржы орталығының моделі негізінде Common law жеке құқықтық режимі жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ, мұнда Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттелетін арнайы салық жүйесі енгізіледі. Осындай қадамдар арқылы отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы климат ұсынып, нысандарды салуға кететін негізгі шығындарды азайта аламыз. Бұл өз кезегінде бүкіл аймақтың дамуына жаңа серпін болары сөзсіз. Болашақта мұнда құны 3,7 трлн теңге көлемінде инвестиция тарту, 34 мың жұмыс орнын құру жоспарланып отыр. Салық түсімдері 3,2 трлн теңге көлеміне дейін жетеді деп болжануда.

Алатау қаласының құрылуы – осы экономикалық аймақты тиімді басқару, қыруар қаржы құямын деп келген инвесторлармен «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеу, жобалау және құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын жылдам рәсімдеу, фискалдық әкімшілендіруді тиімді үйлестіру талаптарынан туындаған қажетті қадам. Алатау қаласының қалыптасуы, қарқынды дамуы Алматы агломерациясына тән маятниктік көші-қон мәселесін шешуге ықпал етеді.

88 мың гектар жерді алып жатқан қала мынадай 4 аймаққа бөлінеді:

– GATE Dictrict – халықаралық іскерлік және қаржы орталығы;

– GROWING Dictrict – экспортқа бағытталған өнеркәсіп және логистикалық хабы;

– GOLDEN Dictrict – білім, ғылым, медицина және спорт хабы;

– GREEN District – туризм, демалыс және сауық орталығы.

Келешек көкжиегіне көз салсақ, 2050 жылға қарай мұнда 2 миллионнан астам адам тұрады деп болжануда. Тұрғын үй қоры 60 млн шаршы метрді құрайды деп жоспарлануда. Кезең-кезеңімен халыққа қажетті барлық әлеуметтік инфрақұрылым қалыптасады.

Бұл жаңа қаланың өңіріміз үшін ғана емес, еліміз үшін де стратегиялық, мультипликативті маңызы өте зор.

**– Түсінуімізше, Алатау қаласы инвестиция тартатын мықты магнит сияқты болады. Ал бұдан басқа жерлерге, жалпы облысқа шетелдік қаржыны тарту мақсатында қандай жұмыстар жүргізілуде?**

– Алматы облысының инвестициялық тартымды өңір екендігі сөзсіз. Өткен жылдың 9 айының



**Алматы облысының әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ**

қорытындысы бойынша, тікелей шетелдік инвестиция көлемі 586 млн долларды құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 29,8 пайызға өскен (2022 жылы – 451,4 млн доллар). Құйылған қаржының 44 пайызы өңдеу өнеркәсібіне жұмсалған. Жалпы, 2023 жылы 705 млрд теңгеден астам инвестиция тартылғанын айттым (өсім – 110,7 пайыз). 2030 жылға дейін есептелген инвестициялық қоржында 31 мың жұмыс орнын ашуды көздейтін, құны 3,6 трлн теңгеден асатын 217 жоба бар.

Өткен жылы шетел инвестициясын тартуға Үлкен Алматы айналма көлік жолы («БАКАД») көп сеп болды. Бес ірі халықаралық компания осы күрежолдың бойында жалпы құны 815 млн $ болатын өндіріс орындарын ашпақ. Олар: «PepsiCo» компаниясы (АҚШ) – «Lay's» чипсілерін шығару өндірісін (құны – 200 млн $), «Focus Logistics» компаниясы «OZON» компаниясымен (Ресей) бірге – «А» санатындағы қоймалар (құны – 151 млн $), «Строитель 98» компаниясы (Ресей) – логистикалық кешен (құны – 100 млн $), «KT&G» (Оңтүстік Корея) компаниясы – темекі өнімдерін өндіру зауытын (құны – 204 млн $), «Outlet Center» – киім-кешек пен тұрмыстық заттар сату орталығын (құны – 40 млн $) салмақ. Сонымен қатар мұнда отандық кәсіпорындар да орналасуда. Мысалы, «Алтын таға» компаниясы құны 56 млрд теңге болатын (120 млн $) құрылыс материалдарын шығаратын индустриалды-өндірістік кешен салуда.

Айтулы шетелдік инвестиция ретінде атап өтетін тағы бір ірі жоба – Талғар ауданындағы «Қайрат» индустриалдық аймағында трансұлттық «Технониколь» компаниясы салып жатқан құны 100 млн долларды құрайтын жылу оқшаулағыш материалдар зауыты. 217 жаңа жұмыс орны құрылып, өндірілетін өнім ішкі нарықтың 20 пайыз қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Жаңадан құрылып жатқан өндіріс ошақтарын орналастыру мақсатында аумағы 1,3 мың гектар болатын төрт индустриалды аймақ құрылуда. Олар: Жамбыл ауданындағы «Қазбек бек», Іле ауданындағы «Береке», Талғар ауданындағы «Қайрат», Еңбекшіқазақ ауданындағы «Шелек» индустриалды аймақтары.

Бүгінгі күні инфрақұрылымы дайын жерлерде зауыттар салынып, іске қосылған. Нақты айтқанда, Талғар ауданындағы «Қайрат» индустриалды аймағында құны 88 млрд теңге инвестиция тарту арқылы 1782 жұмыс орны құрылатын 14 жобаны жүзеге асыру басталды. Оның ішінде, қуаттылығы жылына 1080 тонна шойын өндіретін «SAFA Industrial» зауытының құрылысы аяқталды. Биыл аталмыш зауыт толық қуатына енеді.

Индустриалды аймақтардың нақты жұмыс істейтін механизм екенінің дәлелі ретінде Іле ауданы «Береке» аймағындағы «Fruit Art» жеміс-көкөністерді мұздатуға арналған сублимациялық зауытын атап өту керек. Жылына 25 мың тонна өнім өңдейтін зауытта 247 адам жұмыс атқарады. Бұларға қоса «Жетіген» атты тағы бір индустриалды аймақ құру жоспарлануда. Оның мақсаты – Алматының айналасында логистикалық орталықтар мен жүк қоймаларын салу арқылы көлік инфрақұрылымына жүктемені азайту. Бұл ретте «Жетіген – Қазыбек бек» темір жол желісін тарту басталды.

Қазақстан мен Қытай арасында жүк тасымалын арттыру мақсатында Қалжат өткізу пунктін жаңғырту жолға қойылды. Нәтижесінде, жүк тасымалы 3 есе артып, тәулігіне 300 автокөлікке дейін өткізу мүмкін болады. Жұмыстар биыл қазанда аяқталады деп жоспарлануда. Сонымен қатар Қытай тарапы өз аумағында индустриалды аймақ құруда. Біздің тараптан да сондай жобаны жүзеге асыратын инвесторлар бар. Осы сынды жобалар өңірде өнеркәсіптің дамуына, оның ішінде, өңдеуші сектордың қуатын арттыруға серпін береді. Саладағы оң динамика өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің алты пайызға өсіп, 1 трлн 716,7 млрд теңгенің өнімі өндірілуінен байқалады (Республика бойынша – 4,3 пайыз). Салада 34 жоба іске асырылып, 1087 жұмыс орны ашылды.

**– Көпшілікті қызықтыратын бір сұрақ – облыс орталығы Қонаев қаласының дамуы туралы айта кетсеңіз.**

– Ең алдымен, қала инфрақұрылымының тозғанын атап өту керек. Облыс орталығы болғаннан бері қаланың бюджеті 2,7 есеге өсіп, 40 млрд теңгені құрады (2020 жылы – 14,6 млрд теңге, 2021 жылы – 9,2 млрд теңге, 2022 жылы – 30,1 млрд теңге).

Былтырдан бастап 20 шақырым жол жөнделіп, 37 шақырым электр, 20 шақырым су желілері тартылды. Орталық саябақ пен көшелерді, көпқабатты үйлердің аулаларын қосқанда, 65 нысан абаттандырылды. 1,7 га жағажай жайластырылды. 33 үйдің қасбеті мен шатырлары жөнделді. Жылу жүйелерінің апатты бөліктері қайта жаңғыртылды (2,4 шақырым).

Қаланың кәріз жүйесі тозған. Өткен жылы 10 шақырым апатты бөлігі жөнделді. Мәселе мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында толық шешілмек. Құны 25 млрд теңге болатын жоба әзірленіп, байқау жарияланған.

Былтыр Қонаев қаласының Бас жоспары бекітіліп, жаңа әкімшілік-тұрғын үй орталығын салуды көздейтін 5 жылдық кезеңге арналған қаланы дамытудың кешенді жоспары қабылданды. 19 мың га аумақта орналасатын қала халқының саны 2050 жылға қарай 200 мың адамды құрайды деп болжануда. Екінші кезеңде «Жаңа Іле» алаңы игеріледі. Онда әлеуметтік-тұрмыстық, мәдениет, білім беру ғимараттары, тұрғын үй кешендері және рекреациялық нысандар салынады. Қонаев қаласының өркендеуі бүкіл өңірге тың серпін берері анық.

## АУЫЛ – ҚАЗАҚТЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

– Ауыл шаруашылығы саласында да қордаланған мәселе жетерлік. Суармалы жердің көлемі неше? Қазіргі таңда жайылымды жерге көпшіліктің қолы жете бермейді. Президентіміздің пайдаланылмаған жерлерді мемлекетке қайтару бағытында берген тапсырмасы қалай орындалуда?

– Халқымыздың ұлттық құндылығының ошағы әлмисақтан ауылдан бастау алады. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту – біздің басты міндетіміз. Оған мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік дамуын, әлеуетін көтеру бағытында қабылдап отырған бағдарламалары айғақ бола алады.

Халықтың ауылды жерлерде тұрып, еңбек етуіне қолайлы жағдай жасау – ішкі көші-қонды тұрақтандыруға септігін тигізеді. Сондықтан ауыл шаруашылығын дамытуға негізгі күш салынуда. Бұл салада Алматы облысы 9,6 пайыздық үлеспен республикада үшінші орынға ие.

Өңіріміз өрік, алма, алмұрт, жүгері, жүзім, картоп, көкөністер, соя және күріш өсіруден алғашқы үштікке кіреді. Жыл бойы өнім алуды қамтамасыз ету үшін жылыжай кешендері мен сақтау қоймалары көбейтілуде. Қазіргі уақытта жалпы ауданы 85 га болатын 55 жылыжай, қуаттылығы 128,6 мың тонна болатын 71 сақтау қоймасы бар. Былтыр барлық егіс алқаптары 3,2 мың гектарға ұлғайып, 457 мың гектарға жетті.

Президентіміз өз Жолдауында көтерген ирригация мәселесі біздің облысымыз үшін өте өзекті. Себебі ұзындығы 9400 шақырымды құрайтын суару жүйелерінің және гидротехникалық нысандардың 60-70 пайызы тозған. Сол себепті судың жартысына жуығы жоғалуда. Облыстағы суармалы жерлердің көлемі – 263,8 мың га. Былтырдан бері республикалық бюджеттен 8 млрд теңге бөлініп, 7 ауданда жұмыстар жүргізілуде. Жалпы ұзындығы 1,8 мың шақырым желілерді жөндеу нәтижесінде, 107 мың га жер суармалы санатына енеді.

*(Басы. Жалғасы 2-бетте)*

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

## «Билікке айтарым бар!»

Облыстық «Алатау ардагері» газеті өз беттерінде жаңа жылдан бастап «Билікке айтарым бар!» атты жаңа айдар ашып отыр.

Бізде бәрі жақсы дегенмен, кейбір ауылдарда, аудандарда түрлі мерзімдер ішінде шешімі табылмаған түйткілді мәселелер жоқ емес, бар. Соларды бірлесіп шешу үшін оған жариялылық беріп, кемшіліктерді көрсетіп, газет редакциясына хат жолдауларыңызға болады. Газет редакциясы сіздер жіберген хат мазмұны негізінде ондағы көрсетілген кемшіліктердің оң шешілуіне ықпал етіп, тиісті орындарға хат жіберіп, оның нәтижесін газет бетінде жариялап отыруды мақсат етіп отыр. Әр шешілмей жатқан кемшіліктің тағдырын жариялылық арқылы шешу үшін газет редакциясы оқырмандардың белсенділігін күтеді. Сонымен, сіздерден хат күтеміз.

**«Алатау ардагері» газетінің редакциясы:**
aidarbekova56@bk.ru 8 777 251 9310 - Роза Айдарбекова,
altina57@mail.ru 8 705 965 3661 - Алтынбай Сиқымбек.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

## Алатау қаласының тұрғындарына қандай жағдай жасалады?

**Көлемі 88 мың гектарды құрайтын жаңа Алатау қаласында елеуліөзгерістерболмақ, деп хабарлайды Алматыдағы BAQ.KZ тілшісі.**



Бұл туралы Алматы облысы Жетіген ауылдық округі әкімі Нұрлан Абилев айтты.

Жетіген ауылдық округінде 4 ауылды мекен бар. Олар – Жетіген, Жаңа арна, Құйған және Еңбек ауылы. Президенттің жарлығына сәйкес, осы 4 ауылдың барлығы Алатау қаласына кіреді. Болашақта басқа ауылдар да қамтылуы мүмкін. Жалпы Алатау қаласының ауданы – 88 мың гектар. Болашақта жұмыс орындары ашылып, білім беретін мекеме бой көтереді. Жоспар бойынша Мәдениет үйі, емхана, қаржы орталығы, ойын-сауық орындарының жобасы дайындалып жатыр. Тұрғындарға түсіндіру жұмысы жүргізіліп жатыр. Көбісі қуанып, бір-біріне сүйіншілетіп жатқан жайы бар, - дейді Нұрлан Абилев.

Ол сондай-ақ тұрғындарға құжаттар бойынша қиындық туындамайтынын атап өтті.

## ЛРТ в Алматинской области: на какой стадии находится проект

**Стало известно, на каком этапе находится проект по строительству ЛРТ в Алматинской области, передает корреспондент Tengrinews.kz.**



Напомним, летом акимат Алматинской области сообщил, что был подписан меморандум с турецким инвестором о строительстве ЛРТ. Тогда же сообщалось, что компания планирует запустить легкорельсовую транспортную систему по маршруту Каскелен - Есик - Талгар - Алматы - Узынагаш. В Талгаре и Каскелене появится парковка, на которой можно будет оставлять машины, чтобы доезжать до Алматы на ЛРТ. Это должно уменьшить заторы на дорогах Алматы, так как в город каждый день въезжает 300 тысяч человек.

## Алматы облысында бес ауданды су басу қаупі бар

**Алматы облысында бес ауданды су басу қаупі бар, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.**



Алматы облысының Қарасай, Талғар, Кеген және Райымбек аудандарында биыл қар мөлшері жылдағыдан көп түскен. Әсіресе Райымбек пен Нарынқол аудандарында топырақтың беткі қабаты 64 см-ге дейін қатып кеткен. Қазіргі күні су тасқыны жағдайын бағалайтын 42 гидропост қойылып, су тасқыны болуы мүмкін аумақтар үшке бөлінді, олар: жоғары, орташа және елеусіз қауіптілік.

«Жамбыл, Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ және Іле аудандары су тасқыны болуы ықтимал аудандар ішінде жоғары тәуекелге ие. Ал Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары орташа тәуекелге ұшырайды. Балқаш ауданы мен Қонаев қаласы су тасқыны елеусіз ғана болатын аумақтар», - дейді Алматы облысы ТЖД төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Дәурен Азаматов.

## Нелегальное онлайн-казино накрыли в Алматинской области

**Факт незаконной организации онлайн-казино под видом легального в игорном заведении «Макао» выявили сотрудники департамента АФМ по Алматинской области, передает корреспондент Kazpravda.kz**



Отмечается, что в онлайн-казино игроку предоставлялась возможность ставить ставки на спортивные события, играть на аппаратах и игровых столах, рулетках без верификации личности в нарушение установленных действующим законодательством правил. Трансляция игр велась из здания казино «Макао».

В ночь с 16 на 17 января следственно-оперативная группа департамента провела обыск, в ходе которого обнаружила и изъяла: 225,5 млн тенге, более 15 тыс. евро, 719 тыс. рублей, почти 34 тыс. юаней, 38,5 тыс. долларов США, мобильные телефоны, бухгалтерские документы, системные блоки, ресивер, видеокамеры, мониторы, флэш-карты, носители, сервера, видеорегистратор.

«Ведется следствие. Иная информация в порядке ст. 201 УПК РК разглашению не подлежит», – заключили в агентстве.

Ашық әңгіме

# ӨНЕГЕЛІ ӨҢІРДІҢ ӨРІСІ КЕҢ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Ирригация мәселесін түбегейлі шешу мақсатында құны 124 млрд теңге болатын 2024-26 жылдарға арналған жоспар әзірленді.

Өңірдегі су шаруашылығын жүйелеу үшін «Алматыоблсушаруашылық» мекемесін құрдық. Бұл делдалдарды жойып, шаруашылықтарға суды бекітілген тарифпен беруге мүмкіндік туғызды.

Ауыл шаруашылығына өткен жылы 50 млрд теңге инвестиция тартылып, 13 жоба іске асырылып, 646 жұмыс орны ашылды. Мал шаруашылығында облыс ет, сүт, жұмыртқа өндіруден, қой-ешкі, ірі қара және құс саны бойынша республика бойынша алғашқы орындарда.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту» өңірлік бағдарламасы аясында 6 млрд теңге бөлініп, 30 шаруашылық 13 мың бас ірі қара және ұсақ мал сатып алды. Бұл арқылы алдағы 5 жылда асыл тұқымды ірі қараның үлесін 22 пайызға (қазір – 19,5 пайызы), қойдың үлесін 20 пайызға (қазір – 16,7 пайыз) жеткізу көзделуде.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында облысқа 8,3 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырылған. 9,5 млрд теңгеге 1349 өтінім түсіп, 496 өтінім бойынша 3,6 млрд теңге несие берілген. Жұмыс одан әрі жалғасуда.

Іле ауданында 5 елдімекеннің Бас жоспарына 109 саяжай алқабын қосу арқылы өзгерістер енгізілді (КазЦИК ауылы – 24 саяжай, Көккайнар ауылы – 32, Жапек ауылы – 13, Қосөзен ауылы – 19, Байсерке ауылы – 21)

Қарасай ауданында 4 елдімекеннің шекарасына 88 саяжай алқабы қосылды (Қаскелең қаласы – 44 саяжай, Қырғауылды ауылы – 21, Алмалыбақ ауылы – 21, Қошмамбет ауылы – 2)

Талғар ауданында 6 елдімекеннің шекарасына 92 саяжай алқабы қосылды (Кендала ауылы – 33 саяжай, Ақтас ауылы – 35, Бесағаш ауылы – 17, Тұздыбастау ауылы – 3, Байбұлақ ауылы – 2, Қызыл ту ауылы – 2) .

*Еңбекшіқазақ ауданында 2 елдімекеннің шекарасына 44 саяжай алқабы қосылды (Есік қаласы – 14 саяжай, Бәйтерек ауылы – 30).*

Өткен жылы аграрлық салаға 37,6 млрд теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілді. Оның ішінде, субсидиялар – 36,5 млрд теңге.

Ауыл шаруашылығының дамуына қарқын беретін бағыттың бірі – пайдаланылмайтын жерлерді қайтарып, айналымға қосу. Облыс бойынша жалпы көлемі 612,8 мың гектар болатын жерлер анықталып, оның 222,8 мыңы (36,4 пайызы) қайтарылды. Қоғамдық жайылымға 670 мың га жер бекітіліп, оның ішінде, 2023 жылы берілгені – 66,7 мың га.

Ауылды жерлердің инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 21 млрд теңгеге 61 елдімекенде 86 жоба іске асырылуда.

Нәтижесінде, ауылдардың өңірлік стандарттарға сәйкес, әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілуі 68 пайызға жетеді (2022 жылы – 65,6 пайыз).

### ЕЛ ӘЛЕУЕТІ – ӘЛЕУМЕТ ҮШІН

**– Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру – басты міндет. Әрбір әкімге жүктелген бірінші міндет те осы шығар. Халыққа қажетті инфрақұрылым болса, Үкіметті мазаламайтыны тағы белгілі. Өңірдің жол, газ, энергиямен, сумен қамтылуы қай деңгейде? Жұмыссыздық мәселесі шешімін тапты ма?**

– Жалпы, экономиканың нақты секторында қол жеткізген жетістіктердің арқасында 68,4 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде, тұрақты жұмыс орындары – 56,7 мың. Жұмыспен қамту шараларының аясында барлығы 38 мың адамға қолдау көрсетілді. Осының нәтижесінде, жұмыссыздық 4,7 пайызды құрады (2022 жылы – 4,8%).

Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру үшін инфрақұрылымды дамыту маңызды. Бұл бағытта қаржыландыру 2 есеге артып, 55 млрд теңгені құрады (2022 жылы – 26,9 млрд теңге, өсім – 205 пайыз). Анықтама ретінде ұсынсақ, электр – 2,5 млрд теңге (өсім – 160 пайыз), су – 18,3 млрд теңге (өсім – 156 пайыз), газ – 4,3 млрд теңге (өсім –102 пайыз), кәріз жүйесі – 16 млрд теңге (өсім – 14,5 есе), жылу – 2,2 млрд теңге (өсім – 13 есе), жарықтандыру – 3,2 млрд теңге (өсім – 230 пайыз), абаттандыру – 8,8 млрд теңге (өсім – 126 пайыз).

Облыс көлемінде жол салуға және жөндеуге 50 млрд теңге бөлінді, 2022 жылға қарағанда, 30 пайызға артық (2022 жылы – 35 млрд теңге).

75 шақырымнан астам сумен жабдықтау желілері салынып, 3 ауылға бір орталықтан су беріледі, 17 ауылда судың сапасы жақсарады (59 жоба – 30 млрд теңге). Сонымен қатар 21 су ұңғымасы қазылған (30 млн теңге).

Келесі міндет – газдандыру. Облыста 156 елдімекен немесе 53 пайызы газдандырылып, халықтың 69 пайызы көгілдір отынға қол жеткізген. Өткен жылы 22 жобаны іске асыруға бюджеттен 3,7 млрд теңге бөлінді. 33 мың тұрғын газбен қамтылды (9 елдімекен). Балқаш ауданын газдандыру ұзаққа созылған болатын. Қордаланған мәселе шешімін тауып, қарашада Бақанас ауылы газға қосылды. Жақын арада тағы 5 ауыл газға қосылады (Ақдала, Бақбақты, Бірлік, Бояулы, Миялы). 2025 жылға қарай өңір халқының 73 пайызы көгілдір отынға қол жеткізеді.

**– Алматы облысы – Қазақстандағы маңызды туристік өлкелердің бірі. Бұл бағытта қандай жобаларды жүзеге асырып үлгердіңіздер, қандай жоспарлары бар?**

– Шынымен, облысымыздың туристік әлеуеті зор. Республикалық туристік картаға енген әрбір оныншы нысан біздің өңірде (республикада – 102 орын, Алматы облысында – 10). Былтырдан бері 15 туристік аумақта 337 шақырым таулы соқпақтар мен маршруттарды абаттандыру жүргізілуде. Көлсай көлінің инфрақұрылымын дамыту мен кәріз жүйелері мәселесін шешуді қолға алдық. Былтыр демеушілердің есебінен тегін Wi-Fi нүктесі қосылып, бейнебақылау камералары орнатылды. Осы жерде Көлсайдың жанындағы Саты ауылы жақында Өзбекстанда өткен Дүниежүзілік туристік ұйымның кеңесінде «Ең үздік туристік ауылдардың» қатарына кіргенін атап өткім келеді. Бұл – туризмді дамыту жұмыстарына берілген жоғары баға.

2023 жылғы қаңтар-қазан аралығында ішкі туристер саны 13 пайызға өсіп, 322 316 адамды құрады (2022 жылғы 9 ай – 281 409 адам). Ұлттық табиғи парктерге келушілердің қоса есептегенде 1,3 млн-ға жуық адамды құрап, 13 пайызға ұлғайды (2022 жылдың 9 айы – 960 мың). «Eqonaq» ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес, өткен жылы Алматы облысына шетелден келушілер саны 83,6 мың адамды құрап, республика бойынша алғашқы үштікте орналасқан. Биыл Қытаймен арадағы визасыз режимді тиімді пайдаланып, туристерді көптеп тарту үшін Нарынқолда жаяу өткізу пунктін ашу жоспарлануда. Аталған іс-шаралар туристер санын 1,2 млн адамнан 2 млн-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

**– Алматы облысында тұрғын үй салу қарқыны жыл санап өсіп келеді. Биылғы жоспар қандай? Саяжайлардағы елдімекендерге қосу арқылы қордаланған мәселелерін шешуді қолға аламыз деп едіңіздер. Ол жұмыс қалай болып жатыр?**

Қарасай ауданының Қаскелең қаласында, Алмалыбақ, Кемертоған, Көкөзек, Қошмамбет, Долан, Елтай, Бұлақты, Қырғауылды, Жандосов ауылдарында 10 мектеп салынады.

Іле ауданының Байсерке, Қоянқұс, Әли, Өтеген батыр, Қарасу, Екпінді, КазЦик, Комсомол, Еңбек, Н. Тілендиев, Жәпек батыр, Көккайнар ауылдарында 12 мектеп салынады

Жамбыл ауданының Ұзынағаш (2), Қарғалы (2), Қайназар, Сарыбай би, Ынтымақ ауылдарында 7 мектеп салынады

Еңбекшіқазақ ауданының Сатай, Алмалы, Бәйдібек би, Қаражота, Ақсай, Қорам, Түрген, Бәйтерек, Қайназар, Тескенсу ауылдарында 10 мектеп салынады.

Талғар ауданының Талғар қаласында, Жаңалық, Жалқамыс, Көктал, Қызылқайрат, Байбұлақ, Кендала, Қызыл ту, Төңкеріс, Талдыбұлақ, Тұздыбастау (2) ауылдарында 12 мектеп салынады.

*Қонаев қаласында Д. Қонаев және С. Сейфуллин көшелерінде 2 мектеп салынады.*

– Тұрғын үй пайдалануға 863,9 мың шаршы метр берілді немесе 2022 жылғы деңгейімен салыстырғанда өсім – 109,4 пайыз. Бұл – республика бойынша төртінші көрсеткіш. Алайда жыл сайын үй кезегіне тұратын азаматтар саны 3-4 мың адамға артып отырады. Бүгінгі таңда кезекте 40 мың адам тұр. Бұл мәселе кезең-кезеңімен шешілуде. Биылғы жоспар – 888 мың шаршы метр тұрғын үй салу.

Алматы агломерациясына кіретін аудандарға тән тағы бір мәселе – саяжайлар мәселесі. Ол көп жылдан бері шешімін таппай келеді. Себебі саяжайлар маусымдық сипаттағы үйлер болғандықтан, тиісті инфрақұрылым жүргізілмеген. Бүгінде 674 саяжайда 188 мың адам тұрады. Оларда елдімекен мәртебесі болмағандықтан, стандарттарға сай жолдармен, сумен, кәріз жүйесімен, газбен, көшелерді жарықтандырумен қамтамасыз ету мүмкін емес. Облыс бойынша шығатын сыни ақпараттардың бірқатары саяжайларға байланысты. Бұл мәселені жүйелі түрде шешу үшін 333 саяжайды жақын маңдағы елдімекендердің шекарасына енгізе отырып, бас жоспарларды түзету бойынша жұмыстар аяқталды. Барлық бас жоспарлар уәкілетті органдармен келісіліп, қоғамдық талқылау рәсімдерінен өтті және аудандық мәслихатпен бекіту сатысында.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңына және ҚР Жер кодексіне сәйкес, саяжай алаптарының аумақтарын елдімекендерге қосу саяжай алаптарының мәселелерін шешуге, әлеуметтік нысандар салу үшін жер учаскелерін резервке қоюға мүмкіндік береді.

Алматы агломерациясының елдімекендерін, оның ішінде, саяжайларды автобус қатынасымен толық қамту мақсатында коммуналдық автобус паркі құрылды (өткен жылы 25 автобус алынды). Биыл барлығы 37 елдімекенді қамтитын 12 жаңа маршрут ашылды, оның ішінде, төртеуіне мемлекеттік автопарк қызмет көрсетеді.

2022 жылы субсидия көлемі 200 млн теңге болса, өткен жылы 1,3 млрд теңгеге дейін көтерілді. Бұл әлеуметтік бағыттардың санын 59-ға жеткізуге мүмкіндік берді (2022 жылы – 29). Сонымен қатар мектеп оқушыларын тасымалдау үшін биыл қосымша 34 автобус алдық. 286 елдімекеннің 33 мың оқушысы қамтылып отыр (2022 жылы – 254 елдімекен, 30,4 мың оқушы).



**– Облыста үшауысымды мектеп мәселесі әлі де өзекті. Халық саны да жылдан-жылға артуда. Жас ұрпақтың алаңсыз білім алуы үшін қандай қадамдар жасалып жатыр?**

– Білім беру саласындағы негізгі басымдық үшауысымды оқыту мен орын тапшылығын жою болып табылады. 2023 жылдың басында облыста 52 үшауысымды мектеп болды. Өткен жылы 11,7 мың орынға арналған 11 мектеп тапсырылды. Бесеуі жыл соңына дейін беріледі. Келер жылы үшауысымды мектептер 39-ға дейін қысқарады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 2024-2025 жылдары 54,6 мың орынды 53 мектеп салынады. Оның ішінде, 24,9 мың орынға 26 мектеп осы жылы қолданысқа беріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар инвесторлар тарту арқылы өткен жылдан бері 8150 орынды 9 мектеп құрылысы жүргізілген болатын. Қазіргі уақытта 1350 орынды 4 мектеп құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Атап айтқанда, Іле ауданы Түймебаев ауылында 400 орынды «Montesoree» академиясы, Қарасай ауданы Алмалыбақ ауылында «Курсант» ЖШС-мен 300 орынды орта мектебі, Қаскелең қаласында 350 орынды Қазақ-Британ мектебі, Жамбыл ауылында 300 орынды «Нұрдәулет» мектебі ашылып, жұмыс істеп тұр.

2024 жылдың 8 қаңтарында Іле ауданы Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты «Ақжол» саяжайында «Менің мектебім» ЖШС 1500 орынды жекеменшік мектеп құрылысын аяқтап, пайдалануға берді. Мектеп оқушыларын қабылдау тегін, жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Биылғы жылдың 10 қаңтарында Іле ауданы Жаңаталап ауылында 600 орынды, Ұйғыр ауданы Шонжы ауылында 900 орынды, Қарасай ауданы Үштерек ауылында 600 орынды мектеп қолданысқа берілді. Аталған жекеменшік мектептердің құрылысы, сонымен қатар Қарасай ауданының «Өмірзақ» тұрғын үй кешенінде салынып жатқан 900 орынды (үшауысымды) және Еңбекшіқазақ ауданының Төле би ауылындағы 450 орынды (мектепке ыңғайландырылған ғимарат орнына) 2 мектеп ағымдағы жылы аяқталатын болады. Осылайша, үшауысымда оқыту мен оқушы орнының тапшылығын жою көзделіп отыр.

Білім сапасын арттыру мақсатында «Табысты 50 мектеп» атты бірегей жобаны жүзеге асырдық. Оның аясында «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» және «Қазақстан халқына» қорларымен бірлесіп 50 мектептің 3,8 мың ұстазын біліктілігін арттыру курстарынан өткіздік. 58 мыңнан астам оқушы кешенді оқумен қамтылды. Бұған жергілікті бюджеттен 756 млн теңге бөлінді. Жоба аясында «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен 50 мектепке 1,5 млрд теңгеге физика, химия және биология пәндерінің 150 зертхана кабинеттері жабдықталуда.

**– Марат Елеусізұлы, ендігі әңгімемізді денсаулық сақтау саласына қарай ойыстырсақ. Бұл бағытта қандай өзгерістер бар?**

– Денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер бар. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, жалпы өлім-жітім 5,7%-ға (1 мың адамға шаққанда, 6,36-дан 6,00-ге дейін), қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 9,7 пайызға азайды (54,90-нан 49,60-ға дейін).

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары 38 медициналық нысан салу көзделуде.

Қонаев қаласында 800 төсекті көпбейінді аурухана, 500 келушіге арналған емхана, қалалық аурухана жанындағы инфекциялық блок салу жоспарланған.

Былтыр күзде «Қазақстан халқына» қоры 1,1 млрд теңге тұратын 2 жылжымалы медициналық кешен сыйға тартты. Олар жапондық компьютерлік томографпен, цифрлық маммографпен және УЗИ аппаратымен жабдықталған. Кешендер шалғай ауылдардың тұрғындарын скринингтен өткізеді.

Алыста тұратын азаматтарға жедел әрі тиімді медициналық көмек көрсету мақсатында телемедицинаны дамыту қолға алынған. Бүгінгі күні 13 медициналық қызметті қашықтан көрсету мүмкіндігі бар. Денсаулық сақтау ұйымдары көрсеткен қызметтердің ішіндегі бұл бағыттың үлесі 7 пайызды құрап отыр. Былтыр 158 мыңнан адам осындай көмек түріне жүгінген. Қазіргі уақытта денсаулық сақтау министрлігі кеңес беру тізбесінің санын 67-ге, медициналық қызметтер санын 48-ге жеткізуді қарастыруда. Өңірлік денсаулық сақтау басқармасы да бұл бағыттағы жұмысты күшейтуде. Бүгінгі таңда меморандум аясында «SMART-ЭКГ» ЖШС 7 денсаулық сақтау ұйымында электрокардиографияның қорытындысын қашықтан оқу жөніндегі пилоттық жобаны жүзеге асыруды бастамақ.

Жалпы, өңірде денсаулық сақтау саласын дамытуда мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі кеңінен қолданылуда. Қазіргі күні өңірде осы сипаттағы 7 жоба жүзеге асырылған. Олардың қатарында Қонаев қаласындағы «Ақ-Жан», Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласында «Бақай-1», Қарасай ауданының Шамалған ауылында «Uniqline», Жібек жолы ауылында «СК-MED», Балқаш ауданының Бақанас ауылында «MAKHAMBET CLINIC» медициналық орталықтары бар. Сонымен қатар кәсіпкерлер Қонаев қаласының көпсалалы ауруханасының жанынан неврология және эпилептология орталығын ашқан. Жақын аралықта тағы 3 жоба іске асырылып, ел игілігіне қызмет етеді деген жоспар бар.

**– Алматы облысы ең ірі мегаполисті айнала орналасқандықтан, өзекті тұрмыстық мәселелері көп. Оларды шешу бойынша қандай шаралар қабылдануда? Жалпы, халықпен кері байланыс қалай жүруде?**

– Қазіргі таңда халықтық пікірдің басты индикаторы әлеуметтік желі екені баршаға аян. Белгілі бір мәселелерді көтерген ақпаратты анықтап, дер кезінде жауап беру жолға қойылған. Бұл бағыттағы жұмысты әр апта өтетін аппараттық кеңесте қарап отырамыз. Сонымен қатар желіде жариялана бермейтін, бірақ өзекті де жүйелі мәселелердің тізбесін жасап, оларды кезең-кезеңімен шешу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде мұндай тізбеге жалпы сомасы 288 млрд теңгені құрайтын 1033 мәселе енгізілген. Қазіргі уақытта олардың 159-ы өз шешімін тапқан. Бұған 102,7 млрд теңге қаржы жұмсалған. Ендігі кезекте 981 өзекті мәселені шешу бойынша жұмыстар атқарылуда. Олардың орындалу барысы туралы ақпарат әр ауылдың әкімдіктеріндегі арнайы стендтерде және әкімдіктің ресми сайтында орналасқан. Бұл тізбе әрқашан толығып отырады. Азаматтар өздерінің негізгі ұсыныстарын енгізе алады.

Балқаш ауданының Көкжиде, Қарой, Миялы, Бура ауылдарында 4 медицина ғимараты салынады.

Жамбыл ауданының Айдарлы, Ащысу, Бозой, Жайсан, Көкдала, Ақтерек, Сұңқар, Қопа бекеті, Саурық батыр, Қызылэскер, Сұраншы батыр, Үлкен, Шилібастау, Еңбекшіарал, Қарасай, Шиен ауылдарында – 16 ғимарат;

Кеген ауданының Жылысай, Жайдақбұлақ, Талды, Күрметі, Жаңаталап, Қарабұлақ ауылдарында – 6 ғимарат.

Ұйғыр ауданының Кіші Дихан, Ақтам, Ават, Дардамты, Шырын, Тиірмен ауылдарында – 6 ғимарат;

Іле ауданының Көктерек, Еңбек, Береке, Көккайнар, Жаңаарна ауылдарында – 5 ғимарат;

*Қарасай ауданының Қаратөбе ауылында ФАП (фельдшерлік-акушерлік пункт) салынады.*

Мұндай форматтағы жұмысты бірқатар аудандардың мысалдарында ашып көрсетуге болады. Атап айтқанда, Жамбыл ауданы бойынша 99 мәселе тізбеге енген. Бүгінгі күні олардың 19-ы шешілген. Арқарлы және Үлгілі ауылдарында медициналық қосындар салынып, 9 жол жөнделіп, коммуналдық шаруашылық саласындағы 6 мәселе шешімін тапқан. 80 мәселені жүзеге асыру үшін барлығы 101 млрд 91 млн теңгеге 2023-2027 жылдарға іс-шара жоспары әзірленіп, жұмыстар жүргізілуде. Қарасай ауданы бойынша 198 өзекті мәселенің тізбесі жасалып, қазіргі күні 69-ы өз шешімін тапқан. Олардың қатарында Қонаев жөндеу, интернет тарту, абаттандыру, аудандішілік субсидияланатын автобус маршруттарын іске қосу бар.

Қоғамдық көлік мәселесі Іле ауданы тұрғындары тарапынан да көп көтерілген. Сондықтан 2023 жылы облыстық коммуналдық автобус паркі тарапынан 4 бағыт бойынша маршруттар қосылды (№305 маршрут «Шабыт ықшамауданы – Өтеген батыр ауылы»; №301 маршрут «Төле би ауылы – Сәлем автостансасы»; №303 маршрут «Қосөзен ауылы – Жетісу базары»; №307 маршрут «Туғанбай ауылы – Қонаев қаласы»).

Бұл жүргізіліп жатқан жұмыстардың бірқатар көрінісі ғана. Жалпы жұмыс реті осындай. Әрбір маңызды деген, бюджеттен қаржы бөлуді талап ететін мәселелер жіктеліп, жыл-жылға бөлінген, бақылауға алынған.

### АҚЫННЫҢ АРДАҚТАҒАН ЕЛ АБЫРОЙЛЫ

**– Баршаға ортақ тарихи-мәдени мұраларды насихаттау бағытында мәдениеттің маңызы өте зор. Облыстың руханият саласына қосқан үлесі туралы айтып өтсеңіз.**

– Алматы облысының өнері мен мәдениеті – кешегі өткен Сүйінбай мен Жамбыл, Іляс пен Мұқағали ақындардан, Қожеке күйшіден желісі үзілмей, бүгінге жеткен қастерлі құндылық.

Сіздің сұрағыңызға жауап ретінде алысқа бармай, өткен жылда атқарылған жұмыстардың бірқатарын атап өтсем. Былтыр күйші-композитор Қожеке Назарұлының 200 жылдығына орай облыс аумағында ғылыми экспедиция, күйшілердің республикалық «Тарту» байқауы ұйымдастырылды. Жамбыл Жабаевтың 177 жылдығына «Жамбыл – Ұлы дала ақыны», Әміре Қашаубаевтың 135 жылдығына «Шырқа дауысым», Қазақстанның Халық әртісі, композитор Әсет Бейсеуовтің 85 жылдығына арналған «Әсеттің әсем әндері» атты мерекелік концерттер мен байқаулар өтті. Кәдек Байшығанұлының 135 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды. Облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның 50 жылдығын атап өттік.

Биыл 100 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде тойланғалы отырған көрнекті жазушымыз Бердібек Соқпақбаевтың ескерткішін орнатып, ірі іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар батыр Өтеген Өтегұлұлының (Өтеген батыр) 325 жылдығына, жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің, ақын Гүлсім Сейілжанованың, суретші Үкі Әжиевтің, жазушы Сейдәлім Тәнекеевтің 100 жылдықтарына арналған кешенді шаралар ұйымдастырылады.

Қатпарлы тарихы бар қазақ елі тәуелсіздік алған жылдар ішінде өзінің қалыптасу, даму жолын айқындап, бүгінгі бағдарлап, келешегіне негіз салды. Болашақ үшін аса маңызды саналатын ақпарат алмасу, цифрландыру, озық технологиямен жұмыс істеу, халықаралық тілдерді еркін меңгеру сияқты тармақ-тармақ талаптарды уақыттың өзі туғызып отыр. Десек те, заманның ағымына сай болумен қатар, өскелең ұрпақ ұлттық тәлім-тәрбиемен сусындап өсіп, рухани құндылықтарды құрметтей білгенде ғана еліміз мәңгілік, болашағымыз жарқын бола алады. Ендігі жерде осы құндылықтарымызды жаңа сапаға көтеріп, жаңа дәуірмен жалғастыра жаңғыртуды қажеттілігі аса зор.

**– Осы ойымызға байланысты бір сұрақтың орайы келіп тұр. 4 қаңтарда «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наурызды мерекелеуге ерекше ден қоятындығын жеткізді. Биыл облыс аумағында қандай жаңашылдық орын алмақ?**

– Бұл бағытта ең алдымен мейрамға бұқаралық сипат дарытуға басымдық беріліп отыр. Ұлыстың ұлы күніне орайластырылатын шаралар наурыздың басынан басталып, бір айдай уақытты қамтиды. Өңірлік тұжырымдама әзірленіп, ұйымдастыру жұмыстары басталып кетті. Оның аясында ірі сауда орындарында мерекелік жәрмеңкелер, «Наурыз: балаларға базарлық» акциясын, адамдар көп жиналатын жерлерде «Наурыз қалашықтарын» құру, Наурыз жәрмеңкесін өткізу және басқа да жобаларды жүзеге асыру көзделген. Ал облыс орталығында ауқымды мәдени-бұқаралық іс-шара ұйымдастырып, қазақ халқының көшу дәстүрін көрсету жоспарлануда. Сонымен қатар әр елдімекенде, кәсіпорындар мен ұйымдарда мерекелік шаралар өтері сөзсіз. Себебі Наурыз – жасампаздық пен жаңаруға бастайтын нағыз халықтық мейрам.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі, публицист, жазушы,**
**Арнайы «Алатау арайы» газеті үшін**

Алдыңғы толқын-ағалар

# ЕКІ ДӘУІРДІ КӨРГЕН ҚАРИЯ ӘЛІ ДЕ ҚАТАРДА

**Алланың құдыреттілігі сол, жер бетіндегі пенделеріне жарық күннің қызығын көру үшін әркімге әрқалай өмір береді. Ол өмір біреуге ұзақ болса, енді біреуге қамшының қысқа сабындай ғана. Біз бүгін сөз еткелі отырған Тұздыбастау ауылының ақсақалы Мейірманов Совет Ғазиұлының желтоқсанның соңғы күндері сексеннің төртеуіне келгеніне куә болдық.**

Ол кісі жарық дүние есігін 1939 жылдың 25 желтоқсанында Қостанай облысы Урицкий ауданы Қарабақ ауылында ашыпты. Орта мектепті бітірген соң еңбек жолын туған ауылында бастап, екі жылдан соң, 1958 жылы Алматыға келіп, Қазақтың ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетінде оқиды. 1963 жылы агроном мамандығын алған жас жігіт жолдамамен туған елінің топырағына еңбек етуге барып, агрономдық кәсіпті өміріне серік еткені бар. Сол жерде екі жыл еңбек еткен соң Алматы облысына көшуге тура келген. Бұл 1966 жыл болатын. Ол кісінің одан кейінгі жерұйығы, атамекені болып Талғар ауданының Тұздыбастау ауылы болған көрінеді. Ол кездегі ауылдың аты Калинин деп аталатын. «Калинин» колхозында аға агроном болып бастап, үш жылдан соң бас агрономдыққа көтерілгені бар.



1990 жылдары бір қоғамдық формация орнына басқа нарық билеген заман келіп, колхозды таратқан мезгіл де ақсақалдың есінде. Бір кездегі ірі колхоздың орнын бес ұсақ кооперативтер басып, біріктірілген кооперативтердің президенті болып еңбек атқарды. Осы жұмыстың басы-қасында жүріп, еңбек демалысына шықты.

Зейнет жасында жүрсе де еңбектен қол үзген емес. Бойындағы қажыр-қайраты қайта қоймаған адам «зейнетке шықтым» деп, қарап жатсын ба?! Өз алдына дербес фирма ашып, сонда істегені бар. 2010 жылдары Алматы қаласының маңайындағы елді мекендерді газдандыру жұмыстары енді ғана қолға алынып жатқан мезгіл болатын.

Дәл сол жылы облыстан арнайы рұқсат алып, ауылды газдандыру бағытында жұмыс істейтін арнайы мекеме ашып, соның тыныс-тірлігімен айналыса бастады. -Талғар ауданында газ құбырларын тарту Тұздыбастау ауылынан басталған-дейді сөз арасында үлкен кісінің өзі. Содан бері өткен он үш жыл бойы Совет ағамыз басшылық жасайтын газ қондыру мекемесі өз ауылына ғана емес, көршілес ауылдың тұрғындарына да өз қызметін көрсетіп келеді.

Өз кейіпкерімізбен әңгімелесіп отырмыз. - Өмірімнің ең бір ауыр жылдарын айтсам, бала кезім есіме түседі.-дейді ол кісі. - Соғыстан кейінгі жылдар. Мектепке баруын барамыз-ау, жазарға дәптер жоқ. Жәй қағазға жазамыз. Осы күні бүлдіршіндердің жазған дәптерлерінің бітпей жатып, жерге тасталған ақ парақтарын көзім көргенде жүрегім ауырады. «Рәсуа болған есіл қағаз-ай» дейсің. Өмірімнің екінші қиын жылдары-кеңес одағының ыдырап, елдің ескексіз қайықтай болып, өз күндерін өздері көріп кеткен тоқсаныншы жылдар еді. Одан да аман шықтық. Осындайда мың өліп, мың тірілген, не көрмеген қазақ дейсің.

«Калинин» колхозы сүт пен көкөніс өнімдерін өсірумен айналысқан шаруашылық болды. Сол жылдары мемлекет алдындағы міндеттемелерін артығымен орындап, социалистік жарыстың ауыспалы қызыл туларын жеңіп алып жатқан шаруашылықтың дүрілдеп тұрған кез болатын. Ол әрбір отбасының, әр шаңырақтың әлеуметтік мәселелерінің де оң шешілуіне өзінің игі ықпалын тигізген уақыт болды. Совет ағаның еткен еңбегінің абыройын көрген сол кез оның жеке өмірінде де шуақты күндерге толы еді.

Үйдегі жұбайы Гүлбақыт Жаханқызы екеуі бір ұл мен екі қыз тәрбиелеп, азамат қатарына қосты.

Мына өмірде жүре берсең көре береді екенсің.-дейді ағамыз тағы да сөз арасында.-Мен осы ауылда тұрып жатқаныма, осы ауылдың байырғы тұрғыны болып кеткеніме елу сегіз жылдың жүзі болыпты. Зымыраған уақыт-ай дейсің. Бірақ қай жерде жүрмесең де, адамды туған жердің топырағы өзіне тартады екен. Балалығымның бал дәурені өткен туған жерімді сағынатын кезім болады. Мен де ет пен сүйектен жаратылған пендемін ғой, мауқымды басу үшін жылына бір рет кіндік қаным тамған жерге барып тұрам. Бірақ жүрегім ауырып қайтады. Биыл тағы бардым. Өзім туып өскен ауылда кезінде үш жүзден асатын шаңырақ бар еді. Орта мектеп бар болатын.Нарықтың қатал заңы ол ауылдың шаңырағын ортасына түсірмесе де, тоздыртып жіберіпті. Ауылда жұмыссыздық белең алған секілді. Әркімнің өз күнін көруі өзіне байланысты болған соң, көбісі мен секілді жақсы жер іздеп сыртқа кетіпті. «Арқада жағдай жақсы болса, Алатау асып неміз бар?!» деген екен жер ауған бір кісі. Сол айтпақшы, «ауылда жағдай болса, даладан қалаға шұбыратын миграция болмас еді» деймін. Сол үш жүзден асатын үйден қазір елуге толмайтын шаңырақ қалыпты. Мектепке баратындардан қырық жеті оқушы ғана екен. Әр сыныпта бес-алтыдан ғана бала оқитын көрінеді. Ары қарайғы оқушылардың тағдыр жолдары ескексіз қайық секілді болып қалған. Ауылда жастар қалмаған. Ауыл-мен үшін қазақтың бесігі. «Ауылдың тозбауы үшін мүмкін мемлекеттік саясат керек пе еді?» деп өз-өзіме сұрақ қоям. Жауабын таппай, ауылымның бос қаңырап қалған көшелерін көріп, ауыр ойға шомам. «Сексеннен асқан адамды не толғандырады?» дейсің ғой. Осындай ауылдың қиын жағдайына толы мәселелердің оң шешілгенін қалаймын.



Тұздыбастау да ол кісінің екінші ата мекені болып кеткені анық. Осы шаруашылыққа көшіп келгенде ауылда өз қатарларының ұзын саны 60-70-тей болса, қазір сол ескі көздерден қалғаны үшеу ғана екен. Даналық жасқа аман-есен жетіп, өткеніне бүгінгі күн биігінен зер салып отырған ауыл ақсақалына шын көңілімізбен ұзақ ғұмыр тіледік. Әке-шешесі сексеннен асып, тоқсанға жетіп кеткенін ескерсек, асылдан туған бұл кісінің жасы да ұзаққа баратынына сенгің келеді.

Ұзақ ғұмыр демекші, ол кісі үшін денсаулықтың басты кілті-қозғалыс. Қолы боста Совет ағамыз күніне бес-он шақырым жол жүреді екен. Темір көлік тізгінін басқаруды қойғанына көп уақыт өтпепті. Оған ауылда қала секілді мәшинелердің көп болып кетуі себеп болса керек.

Екі дәуірді бастан кешкен дана қария өзін бақытты жан санайтыны анық. Әлі де болса балаларының, немерелерінің қызығын көруіне Алла нәсіп етсін. Біз қарияның шаңырағынан осындай ойдың, ізгі-тілектің құшағында қайттық.

**Алтынбай СИҚЫМБЕК.**
Талғар ауданы.

Старость меня дома не застанет!

# ГАЛИНА ТЕРЕНТЬЕВНА БЕЛЬКОВА НЕДАВНО РАЗМЕНЯЛА ВОСЬМОЙ ДЕСЯТОК ЛЕТ!

**Да, да! Такая вот уважаемая и завидная ( что уж говорить!) цифра! И тем не менее, сидящей на лавочке по улице у своего дома вы не застанете ее точно! Такой уж она по натуре человек: вечно занята, всегда куда-то спешит, с кем-то встречается, кому-то помогает.**



Помню, в бытность моей депутатской деятельности в Байсерскенском округе, она, вместе с сельским акиматом, активом решала десятки вопросов по улучшению жизни жителей села. Будь-тообеспечение продуктами питания малообеспеченных семей, помощь в подготовке к школе многодетных родителей или матерей-одиночек, поездки в ЦОН, в посольства России, Узбекистана, Кыргызстана, чтобы содействовать в получении гражданства, либо отказе от другого в пользу казахстанского, кандасам и т.д. Озвучивала проблемные вопросы по обеспечению населённых пунктов освещением, газом, дорогами, учету на дачах, по набившим оскомину бродячим собакам и т. д. и т .п Участвует на сходах граждан, отчетах акима, в избирательных кампаниях, референдумах, в организации значимых мероприятий - Наурыза, Дня Победы, Дня пожилых людей и других важных датах. Такова ее миссия как представителя совета общественности большого села Байсерке. К слову, округ, действительно, крупный, куда кроме названого, входят еще села: Ынтымак, Коян кус, Али, Жанадаур, Жаналалап, плюс десяток дач.

Если посчитать все население, то будет до 50 тысяч человек, а это население целого Балхашского района. Сама Галина родилась в селе Дмитриевка, (нынешнее Байсерке) в семье переселенцев из Украины, оказавшихся в Семиречье перед самой войной.

Отец, Терентий Акимович, после окончания школы учился еще в Тургеньском училище механизаторов и вернулся в родной колхоз. Освоил все марки гусеничных тракторов, став первоклассным механизатором и передовиком производства. Был делегатом Всесоюзной сельскохозяйственной выставки в Москве, депутатом областного совета народных депутатов. Его технический склад ума нередко воплощался в рационализаторские предложения в бригаде и практическое исполнение. Его изобретения даже печатались во всесоюзном журнале «Сельский механизатор». Кстати, сын его, Александр, так же пошел по стопам отца, став механизатором, звеньевым комсомольско-молодежного звена колхоза «40 лет Казахстана», получая самые большие ( по 600 центнеров с га) урожаи сахарной свеклы. Александр был участником Всесоюзного конкурса молодых механизаторов в Рязани заняв там второе место. А мама Валентина Ивановна, тоже всю жизнь трудилась: на молочном заводе, в колхозе, в полеводстве, в детском саду.



Воспитываясь в такой уважаемой и трудолюбивой семье, Галина во всем брала пример с родителей. Прилежно училась в средней школе № 9 села Дмитриевка, имея только хорошие и отличные оценки, и по окончанию СШ была там пионервожатой, активисткой. В 1971 году поступала в КазГУ на исторический факультет, но по семейным обстоятельствам не доучившись, пошла работать в родную школу. А затем, когда у нее уже было четверо детей, перевелась на работу в вечернюю школу в этом же здании «девятой».

Повышала также образование на заочном отделении в Талгарском сельхозтехникуме, получив специальность зооветеринара. Кроме других мест в 1992 году пришлось также немного поработать заместителем председателя

Алматинского областного комитета «Красного креста и Полумесяца» по хозяйственной части. С 2001 года сама за рулем старенького «Subaru», на котором накрутила по общественным делам тысячи и тысячи километров, как в той песне:

«Старость меня дома не застанет..»

Много вопросов, кроме сугубо сельских, социальных, церковных приходится ей решать в качестве руководителя международной организации «Алтын Адам», помогая населению в решении юридических, правовых, миграционных вопросов. Рассказывает, что ее до сих пор узнают и благодарят люди за оказанную в свое время им поддержку и помощь.

«Я не работаю за награды, главное, что люди мне верят, знают, что я не подведу», – говорит Галина Терентьевна. – Вот это чувство нужности, полезности народу, обществу дает мне силу и энергию. У меня есть дети, 10 внуков и один правнук. Что еще для счастья надо!?

**Рамазан ЕЛЕШЕВ,**
Илийский район

Эхо войны



# ЛЕНИНГРАДЦЫ, ДЕТИ МОИ!

## 80 лет прошло со дня снятия блокады города-героя Ленинграда...

Легендарные стихи казахского акына Жамбыла Жабаева «Ленинградцы, дети мои! Ленинградцы, гордость моя!» написаны были в самое тяжелое время блокады города на Неве немецкими войсками. Она длилась 872 дня - с сентября 1941 года до 27 января 1944 года. Знаменитые стихи Жамбыла тиражировались в листовках, были расклеены по улицам, на заборах осажденного города укрепляя дух ленинградцев. Они печатались в газетах и читались в солдатских окопах. Надо сказать, что казахстанцы были самым многочисленным воинским контингентом на Ленининградском и Волховском фронтах. Учитывая большое количество воинов-казахов, Главное политуправление Красной Армии приняло решение о создании в Ленинграде газеты на казахском языке «Отанды коргау» при фронтовой газете на русском языке «На страже Родины». Тысячи казахстанцев проявили настоящий героизм в боях при обороне Ленинграда и прорыве блокады. Например, на счету снайпера



Сарсембая Рустембекова было 279 уничтоженных фашистских окуппантов. Повторил подвиг Александра Матросова Султан Баймагамбетов. Кстати, чуть раньше, 14 января 1944 года, также исполнилось 80 лет подвигу снайпера Алии Молдагуловой, поднимавшей в атаку солдат на другом Северо-Западном фронте, возле села Новосокольники, Псковской области. Ей посмертно присвоено звание героя Советского Союза, а было ей всего 18 лет.

27 января 1944 года исполнятся 80 лет со дня прорыва блокады Ленинграда.

Выражая дань уважения подвигу наших казахстанцев, наших дедов и отцов, а также участникам блокады, жителям блокадного Ленинграда, проживающим ныне за рубежом, губернатор Санкт- Петербурга Александр Беглов прислал в казахстанские СМИ, в том числе в газету «Алатау Ардагеры», письмо. В нем, в частности, сказано: «Сердечно поздравляю вас со знаменательной датой - 80-летием освобождения Ленинграда от фашисткой блокады!Этот День является священным для каждого ленинградца, для всей страны, 27 января 1944 года стал нашим ленинградским Днем Победы! Мы благодарны вам за ратные и трудовые свершения, жизненную мудрость, активную общественную и гражданскую позицию. Вы воспитываете в подрастающем поколении уважение к героической истории нашего Отечества. Являясь свидетелями тех судьбоносных событий, говорите правду о решающей роли советского народа в победе над фашизмом.

Низкий поклон вам от всех петербуржцев! От души желаю вам здоровья, мирного неба, благополучия и долголетия!».

**Рамазан ЕЛЕШЕВ.**

Келінге кеңес

# ЕНЕҢМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ РЕТТЕУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

**Қоғамда ене мен келін арақатынасы-кеңінен талқыланатын тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпқа қатысты қазақ халқында мақал-мәтел де, түрлі әзіл де, нақыл сөздер мен өсиеттер көп-ақ. Енемен арақатынасты қалай жақсартуға болады? Ол үшін енеңізді сыйлап, қызғаныш сезіміне бой алдырмай, ол кісіні мақтап, жиі кеңесіп тұрсаңыз жеткілікті. KAZ.NUR.KZ порталы ене мен келіннің қарым-қатынасы жақсы болу үшін психологиялық кеңестер топтамасын назарға ұсынады.**



### ЕНЕҢІЗДІ ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАҢЫЗ

Ғаламтордағы форумдарда ене мен келін арақатынасын «сұрапыл майданға» теңеп жататын мысалдар жеткілікті. Келіндер енесіне ренжіп, қызғанып, олардың іс-әрекетін құптамай, не істеу керек деп кеңес сұрап жатады. Психология ғылымдарының докторы Леонид Куликовтың зерттеуінше енелерді келіндерге қарағанда ара-қатынас көбірек қанағаттандырады. Олардың сыйластық, достық сезімдері келіндерге қарағанда көбірек сезіледі. Енеңізді танымай жатып, оттан қашқандай қорықпаңыз. Ойыңыздан маңайдағылардың сәтсіз ара-қатынастарын шығарып тастап, өз жылы байланысыңызды орнатуға тырысыңыз.

### КҮЙЕУІҢІЗДІҢ АНАСЫН СЫЙЛАҢЫЗ

Енеге қандай қарым-қатынас көрсету керек? Енеңізді күйеуіңіздің анасы ретінде сыйлап, оны күйеуіңізден қызғанбаңыз. Кез келген адамның басқаны сыйлай алу қабілеті ішкі мәдениетіне байланысты. Мәдениетті адамдар кіммен болса да арақатынасын сыйластыққа негіздей отырып, құруды біледі. Олар әр адамды жеке тұлға ретінде қабылдайды. Әуелі осыдан бастаңыз. Сіз, өз ережелері, салттары бар отбасыға мүше болып кірдіңіз. Ол отбасын сыйлай біліңіз, жамандамаңыз, өз жұртыңызбен арасына от салмаңыз. Қарсы шығу, эгоцентризмнің соңы әркашан ұрыспен аяқталатынын ұмытпаңыз. Керісінше, күйеуіңізден отбасылық дәстүрлерін біліп, оның ұнаған тұстарын өз отбасыңызда да қолданыңыз. Енеңізге ол ұнайтыны сөзсіз.

### ҚЫЗҒАНБАҢЫЗ

Күйеуіңізді енеңізден қызғанудың себебі әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы: қалыптасқан ережелер, қызғану, енеңізбен таласта жеңілу қорқынышы т.с.с. Бұл тек сіздің ойыңыз, солардың кесірінен сіз енеңізбен дұрыс сөйлесе де алмайсыз. Сіздің күйеуіңіздің жүрегіндегі орныңызды ешкім баса алмайды, дәл солай оның анасының да орнын ешкім баспайтынын ұмытпаңыз. Психолог Марианна Угрюмова ене мен келіннің әлеуметтік рөлі әр түрлі екенін түсіндіреді. Сонымен қатар сізді күйеуіңізбен махаббат сезімі мен төсек қатынасы байланыстыратынын ұмытпаңыз. Енеңіздің өзіңізге ұнайтын жақтарын үйреніп, қабылдай біліңіз. Өзіңізбен жұмыс жасап, қызғануға бос уақыт қалдырмаңыз.

### КЕҢЕСІП ТҰРЫҢЫЗ

Енеге қалай ұнау керек? Енеңізге ұнау үшін ол кісіні мақтап, жиі кеңес сұрап тұрыңыз. Тек оны шынайы жасаңыз. Әр адамның мақтайтын тұстары мен үйренетін оң қасиеттері болатыны сөзсіз. Кеңес сұрау – қарым-қатынасты жақсартудың ең жақсы әдістерінің бірі. Осылайша сіз енеңізді бағалайтыныңызды, басқаларға пайдалы болатынын көрсете аласыз. «Брать или отдавать? Новый взгляд на психологию отношений» кітабының авторы Адам Грант кеңес сұрау енеңіздің алдында сүйкімді болудың бір жолы деп жазады. Мысалы, тамақ дайындау, консервілеу, гүлдерге күтім жасау, тігін тігу сияқты тақырыптарда тәжірибесін бөлісуін сұрасаңыз болады. Немесе күйеуіңізден анасының мықты тұстарын біліп, сол жағынан өзіңізге сабақ алсаңыз болады. Күйеуіңіздің анасына ұнайтын сыйлық сыйлаңыз. Ол арадағы «мұзды» жібітуге ықпал етеді.

### МАҚТАҢЫЗ

Ол кісінің қандай қасиетін ұнататыңызды анықтап, оған шынайы жауап беріңіз. Мысалы дәмді тамақ әзірлеуін, талғаммен киінетінін немесе немерелерімен жақсы тіл табысатынын айтып мақтасаңыз болады. Кез келген ата-ана үшін баласын мақтау - үлкен мәртебе екенін ұмытпаңыз. Енеңіздің көзінше күйеуіңізді мақтап, жақсы қасиеттері мен тұстар алған тәрбиесінің арқасы екенін ескеріп өткен дұрыс. Осылайша енеңізге де, күйеуіңізге де жағып, олардың алдында беделіңіз арта түседі. Ал енеңізге күйеуіңізді жамандап, оған шағымдану өте қате іс-әрекет. Кез келген ана өзінің баласына қатысты жағымсыз пікір айтатын адамды жақтырмауы мүмкін. Ол үшін бұл ауыр тақырып, әрі осы арқылы енеңізбен арақатынасыңызды суытып алатыныңызды ұмытпаңыз. Арадағы проблеманы күйеуіңізбен жеке шешіңіз, оған анасын араластырудың қажеті жоқ. Енені жақсы көру міндетті емес. Бірақ ол кісіге сыйластық танытып, кішіпейіл болудан кез келген қатал ененің жүрегі жібіп, байланыстарыңыз нығая түсетінін ұмытпаңыз.

**Әсел НАЙМАНҚЫЗЫ.**

Дәстүр

# ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

**Бұл күнде не көп? Дүниеге келген перзент қуанышы, оның бес-алтыға келгендегі сүндет тойы, мектепке баруы, мектеп бітіруі, жоғары оқу орнына түсуі мен бітіруі, ұлы үйленген немесе қызын тұрмысқа шығарып салу тойы, елуге, алпысқа келген мерейтой дейсіз бе, той көп. Басқаша айтсақ, той өткізудің себептері мен түрлері көп. Әлемде той жасаудан бәсеке болса, қазақтың озып шығары-дау тудырмайтын ақиқат.**



Той тойлайтындардың көпшілігі-өзіміздің қаракөздеріміз. Қазақ барын қуанышқа, тойға жинайтыны анық. «Құдай тойдан арылтпасын» дейміз осындайда. «Бұл тойға жеткен бар, жетпеген бар» дейміз, одан қалса, «Баласына бір той жасап бере алмай, Бұл өмірден өтіп жатыр қанша адам?!» деп, әнге қосатын қазақтың байы да, кедейі де той жасаудан бір бірінен қалысар емес. Бай бар ақшасын шашса, кедей байғұс намыстан жыртылып бара жатса, банктерден қарызданып-қауғаланатын несие деген бар, соны алып, жасай береді. «Ертең оның орнын қалай жабамын?» деп сасатын емес. Той өтсе болды. Арғы жағын Аллатағала көрсетеді.

Жалпы бүгінгі қазақтың той өткізу салты туралы ортаға салынып жүрген пікірлер аз емес. Ұлттық тәрбие беретін, оның бесігі болған қазақтың тойы қазір қандай деген мәселе ойландырмай қоймайды.

Той туралы не десек те, оның болғаны жақсы, әрине. Балаларының көңілдерін қалдырғылары келмей, жыл он екі айда бір болатын қуанышта бір мақтанып, шашылу үшін отқа да, суға да түскен ата-ананың баласына жасап берген тойы қалай өтеді? Біз бүгінгі әңгімеміздің арқауын осы арнаға бұрмақпыз.

### ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫ ДАҢҒАЗА МА?

**Даңғаза тойдың болғанынан болмағаны жақсы.**

***

Тойға келген халық дем алып, қуанышты отыруы, жарасымды әзіл сөздер мен тамаша әндерді естіп, той иесімен бірге қуанышқа бөленуі керек. Бірақ қазіргі өткізіп жүрген тойдан көбіне дем алып емес, шаршап, даңғаза әуендерді естіп, құлағымыз сарсылып қайтатын болдық. Жаппай даңғазалықты, күпінуді, жапа-тармағай дүние шашуды, ішімдік ішуге салынуды дертке айналдырған тойларды көргеніңде, оның болғанынан болмағаны жақсы ма еді дейсің. Осындай жағдайларды көріп отырып, «біз осы қайда бара жатырмыз» деген ой мазалайды. Осы тақырып көпшіліктің ойын қозғап, пікір таластыратын деңгейге келгені анық. Айтылып та, жазылып та, жатыр. Дегенмен ұлттық құндылықтарымызға бетбұрыс әлі баяу.

### ҚАЗАҚ ТОЙЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ ҚАНША?

**«Арыстан айға шауып мерт болыпты» деген сөз бар.**

***

Баяғыда біреу «әкесін сабағанды көрген едім, алайда, әкесін арбаға байлап қойып сабағанды бірінші рет көруім» деген екен. Оңтүстік астананың түбіндегі шағын қала Қапшағай мейрамханалары ары кетсе 200-300 орынға ғана шақталған. Алматыда бұл көрсеткіш 500-ге барып жығылады. Ал Шымкент қаласында, таң қалмаңыз, 1000 адам сыятын мейрамханалардың бар екені-ақиқат. Неге мың орынды мейрамхана салған? Оған деген сұраныс болғандықтан. Осыдан кейін, бір мың адамды тойға шақыру үшін қанша қаражат керек екенін өзіңіз есептей беріңіз.

Ауылдық жерде 200 адамдық тойға жоқ дегенде, 800 мың – бір миллион теңге кетсе, қалалық жерде асабаның, әншілердің, бишілердің еңбегі, дастархан мәзірі, етің, суың, шарабың, одан қалса, құдаларға беретін киіт деген атаудағы сыйың бар, мейрамхананың арендасы бар, бір тойың жоқ дегенде екі-үш миллион теңгенді қылғытып жұтып-ақ қояды. Шіріген байға бұл қаржы баласына велосипед алып бергенмен бірдей болса, кедейдің баласы үшін жоқ дегенде бір жылдық азыққа кететін шығын.

«Той жасап бере алмады» деген намыстан құтылу үшін саналы түрде тәуекелге барып, одан кейін нокдаун алған боксердай 5-6 жыл несиесін төлеп, сергелдеңде жүретін қазақтың ертеңгі күн көрісі қалай болады? Оны бізден емес, сол жағдайды басынан өткізіп жатқандардан сұрау керек шығар. Бір анығы-жағдайдың мәз еместігі. Міне, ештеңеден қайтпайтын қазақ тойын осылай жасайды.

### СТАМБҰЛДАҒЫ ҚАЗАҚТАР ТОЙЫНЫҢ ЖЕТІ ӨЗГЕШЕЛІГІ

**Қаламгер Бейсен Ахметұлының Түркияда өткен қазақ тойының асабасыз, тост айтпайтын өзешеліктері туралы жазғаны назар аударардай.**

***

Түркиялық қазақтар үшін шілде мен тамыз той-думан айлары көрінеді. Олай дейтініміз олардың бір бөлігі еңбек шартымен Еуропаға кетіп, сонда тұрып қалған. Жазғы демалыс келісімен өзі туған жерлеріне қайтып, туыстарымен қауышады. Туыстары да тойды сол мезгілге тойлауды дәстүрге айналдырыпты.

Біз болған үйлену тойы ресторанда асабасыз өтті, тост айтылмады.-дейді қаламгер Бейсен Ахметұлы -Залдағы экранда отау тігіп жатқан екі жастың аты-жөндері шығып тұрды. Залға кіргенде қыз жақтың қонақтары сол, жігіт жақтікі оң жақтағы орындарға еркін жайғасты. Ешқандай аты жазылған тізімдер мен арнайы қонақ күтіп алушы болған жоқ.

Біз дәл уақытында барғанда, қонақтар да келе бастапты. Мөлшермен бір сағаттан кейін той басталды. Тойды 2-3 сағат кешіктіріп бастайтындар үшін уақытында басталған той ғой. Жігіт пен қыз той басталғаннан, яғни қонақтар келіп жайғасып болғаннан кейін келді. Жастар тұрып, қалған қонақтар орындарында отырып, музыкалық шоу басталды. Екі жас ортаға қатар тұрысымен торт келді. Екі жас қос қолдап тортты кесу рәсімін жасады. Іле-шала «торт кесу» ырымы істелген торттан екі жас ауыз тиді. Басқа ешкімге берілген жоқ. Тост та айтылмады. Мұнда шарап (жеміс шырыны) ішу дәстүрі қалыптасқан екен. Бұл да – көне Османлы патшаларынан қалған ырым. Шын мәнінде онда шарап емес, шырын болуы да мүмкін. Екі жас махаббатың бал шырынын татсын, бақытқа бөленсін деген ниет, ырым болса керек. Осылайша торт пен шараптан кейін беташарға кезек келді. Беташар соңы батаға ұласты Батадан кейін келіннің бетін ашты. Келіннің бетін қазақтың байырғы дәстүріндегідей домбыраның сабымен ашты.

Жас отау иелеріне той сыйын беру басталды. Ол туралы ешкім де хабарлаған жоқ. Сыйлықты алдымен той иелері табыстады. Келіннің қолына білезік, мойнына алқа, құлағына сырға, саусағына сақина таққандар көп болды. Ал жігітттің өңірі лентаны бойлап қыстырылған түрлі елдердің ақшасына толып кетті.

Би «Қаражорғадан» басталды. Аста-төк тамақ та, артық сөз де болған жоқ. «Тойға барсаң, тойып бар» деген қазақ мақалы бар. Сусындар, бір ыстық тамақ пен шәй. Сонымен бірге нанмен қоса бір-бір кесілген торт. Кем де емес, артық та емес. Қарапайым. Тойымды. Столда бірнеше сусын мен бір ыдыстағы тіске басар салат қана бар. Бір адамға бір тарелка ыстық тамақ қана берілді. Ән мен биден кейін жұрт ақырындап тарай бастады.

Түркия қазақтарының тойын түйіндесек, Қазақстандағы тойдан жеті өзгешелігі бар екен. Атап айтсақ, асаба болмайтыны, тост айтылмайтыны, аста–төк тамақ қойылмайтыны, ақша төлеп әнші-биші шақырмайтыны, шақырылған қонақтар келген уақыттарына қарай орын талғамай отыратыны, музыка дауысы да қатты шықпайтыны, яғни, артық шудың жоқтығы. Олардан бөлек, жігіт пен қалыңдық үшін арнайы безендірілген орынның да болмайтыны, той біткенше отырмайтыны да бар көрінеді.

### АСАБА ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СӨЗ

**Бір тойда айтқанын екінші тойда айтатын жаттанды сөзінен басқа ғибраты жоқ асаба суы тартылған көл секілді.**

***

Тойға кетер қаражатты жоғарыдағы әңгімемізде айттық. Енді тойдың бұлбұлы, асаба төңірегінде аздаған әңгіме айтайық.

Асаба-тойдың дирижері. Тойдың жақсы, жаман өтуі олардың кәсіби шеберлігіне байланысты. Той иесі ас мәзірін былай қойып, ең алдымен той басқаратын асаба іздейді. Жақсы асабаның көркі келісті, жүзі жылы, дауысы үнді, сөзі айқын әрі шешен, әрі әнші, әрі әзіл әңгімелерімен елді күлдіріп, еліктіріп отыратын жан-жақты адам болуға тиіс. Той иесі өз қуанышын аманат етіп, оның жақсы өтуін алдымен Алладан, одан соң асабадан сұрап, оны басқару тізгінін оған толық сеніп тапсырады.

Өмір болған соң көрер көз асабалардың естісін де, есерін де көріп жүр. Бір тойда бір журналист асаба тұрып:-31-ші арнаны білесіңдер ме?-дегені тойдың басында. Ешкім он тоғызыншы ғасырдан келген жоқ қой. Халық «асаба ары қарай не дер екен?» деп, үндемей отыр. «Не, білмейсіңдер ме?» деп, елді одан әрі ақымаққа теңегені. «Білсеңдер, сонда «Информбюро» деген хабар топтамасы бар. Соның маңдай алды тележүргізушісі мына алдарыңызда тұрған Пәленшеев деген мен болам!» дегені. Мен де журналист болғандықтан ба, әріптесімнің әлгі қылығы үшін қатты ұялдым. Тойға екі жастың келешек өмірдегі бақытын насихаттауға емес, өзін жарнамалауға келгендей.

Көпшіліктің басы күнде қосыла бермейді. Ағайынның қосылатын жері-бір қуаныш пен бір қайғыда. Қайғыға бастары қосылған жұртқа мешіт имамы уағыз айтып, адамдардың жүрегіне иман дәнін себеді. Той да жұртшылықтың бас қосар жері болғандықтан маңайына бір ауылдың жұртын жинаған асабаның да айтар сөзі ғибратқа, тәрбиеге арналуы тиіс деп ойлаймыз. Ал қазіргі кейбір асабалардың деңгейлерінің төмендігі соншалық, айтар сөзінің арзан, мән-мағынасы жоқтығы өз алдына, келіні мен баласы, қызы мен әкесі қатар отырған жерде еркек пен әйел тақырыбының төңірегінде дөрекі қалжың айтып, лағып кетуі оның қайда тұрғанын, қандай миссия орындап тұрғанынан хабары жоқ, санасыздығын байқататын секілді. Ол ол ма? Бір тойда асабаның «Ішкен-чемпион, ішпеген-шпион» дегенін де естігенбіз. Арақты «атаңнан қалған ас па еді?» дейміз. Сонда шпион атанбау үшін арақты орыстың мұжығынан қалыспай, лайға аунаған шошқадай жер сүзе құлағанша ішуіміз керек пе?І

Қазіргі асабалардың басым бөлігі тойға сол күні келіп дайындалады. Нақтырақ айтсақ, тойға бір сағат ерте келіп, той қонақтарының тізімімен және тойды өткізіп отырған әулетімен танысады. Бұл тапсырыс берушілерге деген құрметінің аздығын көрсетеді. Себебі той иелерінің қуанышы тікелей сол асабаның не айтып, не қоюына байланысты.

Расында, той-біреудің көптен күткен қуанышы. Асаба өз аудиториясын зерттеп, оған дайындығын шыңдауы керек. Тойды жүргізу – тұнып тұрған өнер. Асаба өзін төрт-бес сағатқа жалғасатын театрлық қойылымның жалғыз актері сынды сезіне білуі керек. Көпке қызық болсын деп, жеңіл әзілдерді айтып, әдепке жатпайтын ойындарды ойната беруімен халықты жалықтырып жібермеуін ойлағаны дұрыс.

Халықтың алдында жүріп, бәрін сөзіңе еліктіру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Асаба сахнадағы жүрісін, қай жерде қанша аялдауына шейін жоспарласа, арзан әзілдерін қысқартса, сұранысқа ие болады.

Осы бағыттағы ойымызды түйіндесек, тағы да қайталап айтайық, тойдың жақсы не жаман өтуі тікелей асабаға, оның кәсіби шеберлігіне байланысты.

Той бизнесінің салықсыз табыстың нағыз көзі екенін білгендіктен бе, асабалардың басым бөлігі асабалығын тастап, басқа салаға кеткісі келмейді. Ендеше осы салада нанын тауып жүрген екен, өз біліктілігін де үдемелі түрде дамытып отыруға тиіс. Әрбір адам өз саласының маманы ретінде қызмет етсе, осындай қателіктер болмайды.

**(Жалғасы газетіміздің келесі санында)**

**СИҚЫМБЕКТІҢ Алтынбайы.**

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық «Ардагер ұйымы» филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

*Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі , 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200,
Тапсырыс №138
Индексі – 65472.